

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Банкті ашуға рұқсат беру, банк филиалдарын ашуға келісім беру және банктің есеп айырысу-касса бөлімдерін ашу, жабу ережесін және банктік әрі банктер жүзеге асыратын өзге операцияларды жүргізуге лицензияны беру, тоқтата тұру және қайтарып алу ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 12 шілдедегі N 197 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 25 маусымдағы N 220 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 20 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 3740. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Төрағасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 9 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Төрағасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 9 қаулысымен .

Банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді одан әрі жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының "Банкті ашуға рұқсат беру, банк филиалдарын ашуға келісім беру және банктің есеп айырысу-касса бөлімдерін ашу, жабу ережесін және банктік әрі банктер жүзеге асыратын өзге операцияларды жүргізуге лицензияны беру, тоқтата тұру және қайтарып алу ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 12 шілдедегі N 197 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3034 тіркелген, "Қаржы хабаршысы" N 10 журналында 2004 жылы жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Аталған қаулымен бекітілген Банкті ашуға рұқсат беру, банк филиалдарын ашуға келісім беру және банктің есеп айырысу-касса бөлімдерін ашу, жабу е р е ж е с і н д е :

15-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жеке және заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу және жүргізу";

18-тармақтағы "дербес және шағын кәсіпкерлік, микробизнес субъектілерін қоспағанда, заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдамайды, банк шоттарын ашпайды және жүргізбейді, сондай-ақ заңды тұлғалардың экспорт-импорт операциялары бойынша төлемдер мен аударымдарды жүзеге асырмайды".

19-тармақтағы "он күнтізбелік күн" деген сөздер "бір ай" деген сөздермен ауыстырылсын;

20-тармақтың 6) тармақшасының үшінші абзацы алып тасталсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Лицензиялау басқармасы (Жұмабаева З.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

К е л і с і л д і

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ұлттық Банкі

2 5 . 0 6 . 2 0 0 5 ж .

(қолы, күні, елтаңбалық мөр)